



Автор: Абдукадирова Райхан Ахмедалимовна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ақпарат және оны өңдеу

Тақырып: Программалық жабдықтама

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.2.1.2«Программалық қамтамасыз ету» ұғымын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Программалық жабдықтаманың қызметімен танысады. Көпшілігі:Жүйелік программалық жабдықтама, қолданбалы программалық жабдықтама программалау жүйелері туралы білімдері қалыптасады. Кейбірі:Программа туралы, программалық жабдықтама ,операциялық жүйе, драйвер туралы ақпарат алады.
Тілдік мақсаттар:	Программалық жабдықтама туралы түсінігін, оның түрлерін айта алады. Пәндік лексика мен терминология: Бағдарлама - программа-Program Жүйе – система - System Драйвер – драйвер - Driver Утилита – утилита -Utility Сұхбатқа/ арналған пайдалы сөздер: Программалық жабдықтама–негізгі жұмыс істеу үшін арналған... бір бөлігі Операциялық жүйе-бұл компьютерде жұмыс істеп тұрған ... жасақтама Интерфейс -... арасындағы қарым -қатынас тәсіл Утилиттер-компьютерге мұрағаттау, дискілердегі ақпараттың бұзылмауын тексеру, қажетті файлдарды іздеу ...
Бағалау критерийлері:	Білім алушы:1. Программалық жабдықтама ұғымына анықтама береді 2. Компьютерлік бағдарламалардың бағдарламалық жабдықтама типін анықтайды. А) Жүйелік бағдарламалық жабдықтама Б) Қолданбалы бағдарламалық жабдықтама 3. Біліп үйренгендерін қолданып, практикалық және теориялық түрде берілген тапсырмаларды орындайды.
Құндылықтарды дарыту:	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; Жауапкершілік; Өзгелердің мәдениетіне құрметпен қарау;
Пәнаралық байланыс:	Ағылшын тілі, орыс тілі, математика.
Бастапқы білім:	Біздің айналымыздағы ақпарат.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы («Білу»)	Психологиялық дайындық: Сабаққа қажетті оқу құралын дайындау Шеңбер құрып Оқушылармен "сәлемдесу" ойының ойнау. "Бастаймыз" деген белгі берілгенде, қалай амандасу керектігінайтатын, оқушылар бір - бірімен тез - тез амандасады. Әр адаммен әр түрлі амандасуы керек. Көзбен, қолмен, иықпен Топқа бөлу : оқушыларға топтар атаулары жазылған парақшаларды тарату. Оқушыларды қолданбалы және жүйелік атаулармен 3 топқа бөлу. 1 топ: «Жүйелік программалық жабдықтама» 2 топ: «Қолданбалы программалық жабдықтама» 3 топ: «Операциялық жүйе» Үй тапсырмасын тексеру: «Бес сұрақ» әдісі бойынша үй тапсырмасын сұрау. 1. Ақпараттың қандай өлшем бірліктері бар? 2. Хабарламаның ақпаратың көлемі деген не? 3. Бит дегеніміз не? 4. Ақпаратты жеткізу жылдамдығы дегеніміз не? 5. Неліктен ақпаратты сезім мүшелері арқылы қабылдаймыз? «Миға шабуыл» әдісі бойынша көпір тапсырмалары сұралады: 1. Компьютер ақпаратты қалай өңдейді ? 2. Операциялық жүйе ұғымын қалай түсінесіңдер ?	сұрақ парақшалары
-----------------------------------	---	--------------------------

Сабақтың ортасы («Түсіну»«Талдау» «Топты қжұмыс» «Жинақтау» Тапсырмалары «Жеке жұмыс» «Жұптық жұмыс»)	«Программалық жабдықтама» бейне көрсетілім көру арқылы тақырып ашылады. Оқушыларға тақырыпты меңгергендігін тексеру мақсатында «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы тапсырмалар беріледі. Әр топқа өздерінің атауларына сәйкес программалық жабдықтама түрлері бойынша мазмұнды сызба дайындау және қорғау тапсырылады. Дескриптор: 1. Программалық жабдықтама ұғымын біледі . 2. Программалық жабдықтама түрлерін біледі және ажырата алады 5e578bd031c04.png Image not found or type unknown Программалық жабдықтама - компьютерде негізгі жұмыс істеуге арналған ақпараттық технологиялардың елеулі бір бөлігі. 5e578c4b75299.png Image not found or type unknown Программалық жабдықтама қандай топтарға жіктелуі бойынша 5e578c63259c.png Image not found or type unknown «Екі жұлдыз,бір тілек » (бірін-бірі бағалау) 5e578d4f2361b.png Image not found or type unknown №1 тапсырма: Жеке жұмыс. Бос орынға тиісті сөздерді қойып жаз Анықтама беріңіз. Бағдарламалық жабдықтама – бұл Дескриптор: 1. Бағдарламалық жабдықтама анықтамасын жазады. № 2 тапсырма: Жұптық жұмыс 1. Көрсетілген компьютерлік бағдарламаларды қамтамасыз ету типіне сәйкес бөліп жазыңыз. 5e578e68388f5.png Image not found or type unknown Дескриптор: 1. Жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету типіне сәйкес бағдарлама белгішелерін анықтайды; 2. Қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету типіне сәйкес бағдарлама белгішелерін анықтайды.	АКТ бейнеролик http:// bilimland.kz/
	Оқу құралдары	
	Интерактивті тақта	
	карточка	
	Оқулық	
	Жұмыс дәптерлері	

Сабақтың соңы («Қолдану»)	№ 3 тапсырма :Оқушылар компьютермен практикалық жұмыстарды орындайды 1.Жұмыс үстелінде қапшық құрыңыз. Тышқанның оң жақ батырмасын ашық орынға шертіп, құру (создать) бұйрығын орындап қапшыққа тегіңізді жазыңыз. - қапшық атауына атыңызды енгізіңіз - қапшықты себетке жойыңыз Дискриптор: 1. Акт-ды өз еріктерімен қапшық құра алады. 2. Қапшыққа атау беріп оны өзгерте алады. БББ - кестесі. Оқушылар стикерге кері байланыс жазып жапсырады. Білемін Білдім Білгім келеді	Компьютер Стикер қағаз
Рефлексия	Саралау-қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қарай тапсырмалар береміз?Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтауОқушыларға алдыңғы тақырыптар бойынша «Бес сұрақ» әдісі арқылы қарқынды білімдерін еске түсіруге бағыт беріледі. Саралау тапсырмалары арқылы оқушылардың қабілеттеріне қарай түрлі тәсілдер қолданылды. Ынталандыруын, зеректігін дамыту мақсатында дереккөздер, қарқын, топтасу тәсілдері арқылы сараланады.Әр топ сағат тілімен бағыттала отырып,бағалау критерийлеріне сүйеніп«Екі жұлдыз,бір ұсыныс» беру арқылы өзара бағаланады.ТҚ негізгі ережелері Денсаулық сақтау мақсатында қауіпсіздік ережелерін сақтау еске салынады. Сабақ бойынша рефлексия Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. 2. Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (Оқыту мен оқуға қатысты)? 1. 2. Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немсе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?	